

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак – түрік университеті  
Стоматология факультеті (2024-2025 оқу жылы)  
Оқу-әдістемелік Комитетінің № 3 мәжілісінің  
ХАТТАМАСЫ

13.11.2024 жыл

**ОӘК мәжілісіне қатысқандар:** Факультет деканы, профессор К.Камбуроғлу, оқу ісі жөніндегі декан орынбасары, м.ғ.к. Татыкаева У.Б., ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары С.Ә.Ырысбай, СМЖ жауапты Файзиева С.А., ОӘК төраіймы Сапиева Д.М., «Фундаментальды медициналық ғылымдар» кафедрасының менгерушісі Г.Қ.Айболова, «Терапиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасының менгерушісі - Э.Ж.Тулешова, «Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология» кафедрасының менгерушісі - Нұрдинов Н.С.

**Күн тәртібі:**

1. Бітіруші студенттер үшін кешенді (мемлекеттік) емтихан пәндерінің тізімін талқылап, емтихандардың сұраптарын талдау, бағдарламаларын бекітуге ұсыну. (*Жауаптылар: емтихандарлары, оқу-әдістемелік комитет төрагасы, кафедра менгерушілері*).
2. Студенттер арасында пәндей олимпиадалар үйімдастыру. (*Жауаптылар: ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары С.Ә.Ырысбай, оқу-әдістемелік комитет төрагасы*).
3. Білім алушылардың күзыреттерді менгеру деңгейін бағалаудың факультетте жүзеге асырылу жағдайын талдау. (*Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрагасы, кафедра менгерушілері*).
4. Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі жағдайы . (*Жауаптылар: декан орынбасарлары, оқу-әдістемелік комитет төрагасы, кафедра менгерушілері*).
5. Әр түрлі мәселелер.
- 5.1. «Фундаментальды медициналық ғылымдар кафедрасының аға оқытушысы, техн.ғ.к., Г.Қ.Айболованың «Қазақстандағы жоғары білім беру: проблемалар және даму перспективалары» тақырыбындағы баяндамасын тындау және талқылау.

**1. Бітіруші студенттер үшін кешенді (мемлекеттік) емтихан пәндерінің тізімін талқылап, емтихандардың сұраптарын талдау, бағдарламаларын бекітуге ұсыну.**

Стоматология факультетінің деканы К.Камбуроғлу: Бітіруші білімгерлер үшін кешенді (мемлекеттік) емтихан пәндерінің тізімін талқылап, емтихандардың сұраптарын талдау, бағдарламаларын Білім беру бағдарламасына сай етіп жасау керектігі жайлы талдау, бағдарламаларын Білім беру бағдарламасына сай етіп жасау керектігі жайлы айтып өтті. алушыларды қорытынды аттестаттау Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (ары қарай МЖМБС) белгіленген нысандарда УЕ-ХҚТУ- қорытынды аттестаттау өткізудін 027-2020 Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және аттестаттаудың мақсаты ережесі бойынша өткізіледі. Қорытынды жоғары білімнің білім беру бағдарламасын зерделеу бағалау болып табылады.

B10156-«Стоматология» білім беру бағдарламасы бойынша қорытынды аттестаттау мамандық бойынша 1-кезең -тестілеу емтиханы, 2-кезең -объективті құрылымдалған клиникалық әдісімен практикалық дағдыларын аттестаттау тапсыру түрінде жүзеге емтихан асырылады.

«Терапиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасының менгерушісі, Тулешова Э.Ж. және «Хирургия және балалар жасындағы стоматология» кафедрасының менгерушісі Нұрдинов Н.С. (мемлекеттік) емтихан пәндерінің тізімін талқылап, емтихандардың сұраптарын талдау, бағдарламаларын дайындау мына пәндерді ұсынды.

1. Терапиялық стоматология.
2. Хирургиялық стоматология
3. Ортопедиялық стоматология
4. Балалар стоматологиясы  
талқылаң, емтихандардың

**ШЕШІМ 1:** Бітіруші білімгерлер үшін кешенді (мемлекеттік) емтихан пәндерінің тізімін сұраптарын талдау, бағдарламаларын университеттің Академиялық комитетке бекітуге ұсынылсын.

**2. Студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру.**

Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары, м.ғ.к. Татыкаева У.Б.: Білім беру бағдарламасын ойдағыдай жүзеге асыру үшін факультеттің профессор-оқытушылар құрамы оқу үдерісінде оқытуудың инновациялық әдістерін қолданып студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыруды тәжірибеге айналдыру қажет. Студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыруға жаупты ОПК тагайындау керектігін айтты өтті.

**ШЕШІМ 2:** Студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру үкол алынысын.

**3. Білім алушылардың құзыреттерді менгеру деңгейін бағалаудың факультетте жүзеге асырылу жағдайын талдау.**

Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары, м.ғ.к. Татыкаева У.Б.: Қазіргі кезде білім беру жүйесін талантарды білімділік, белсенділік, іскерлік, шығармашылық әдістерге баулуудың жолдарын іздестіре отырып, оқытушы-студент арасында ынтымақтастық және жауапкершілік сезімі бірлестігінің болуын қажет етеді. Қазіргі кезде осы талантарды жүзеге асыру жолдарының бірі – еліміздің білім беру орындарына енгізілген критериалды бағалау жүйесін әрі қарай жетілдіру болып табылады. бағалау критерийлері – құзыреттілікке қойылатын талантарға сәйкес оқытуудың нәтижелерін бағалау. Білім алушылардың оқыту процесі кезінде алған білімін, іскерлігін және дағдысын кәсіптік қызметте практикалық түрғыдан модульдер немесе қолдана білу қабілеті. Білім алушылардың білім беру бағдарламасы деңгейінде және жеке оқу пәні деңгейінде айқындалған құзыреттер мен оқыту нәтижелерін бағалаудың түрлері, бағалаудың критерийлері мен әдістері Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университеті оқыту басталғанға дейін пәндердің электрондық кітапханада орналастырылатын жұмыс бағдарламаларында (силлабустарда) оқу-әдістемелік кешендерінде, қорытынды аттестаттау және бағдарламаларында жарияланады.

Білім алушының білімін бағалау халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйе 4 баллдық сандық эквивалент және 100 баллдық шкала бойынша жүргізіледі. Білім алушылардың білімін бағалау үшін баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі және ECTS бағаларына аудару ережелері қолданылады:

Пән бойынша білім алушының қорытынды бағасы академиялық мерзім барысында ағымдық бақылау және аралық аттестаттаудың үлпайларын жинақтау жолымен құралады. Семестрдің ағымдағы үлгерімінің жоғары бағасы пән бойынша білімді қорытынды бағалаудың 60%-ын құрайды және емтиханның жоғары бағасы білімді қорытынды бағалаудың 40%-ын құрайды. Білім алушының үлгерімінің ағымдық бақылауы olandың үлгерімін және сабактарға қатысуларын анықтауды қөздейді, олардың қатынасы бақылау кезеңіндегі әр білім алушының оқу кезіндегі және материалды игеру кезіндегі белсенділігін білдіреді. Ағымдық Ағымдық бақылау бақылау кезінде білім алушының сабактардағы белсенділігі, бақылау шараларын дер кезінде откендігі, теориялық сабактарды игеру дәрежесі, тәжірибелік машықтану дәрежесі, өзіндік жұмысқа қабілеттілігі ескеріледі.

**ШЕШІМ 3:** Білім алушылардың құзыреттерді менгеру деңгейін бағалау механизмін жүзеге асыру жұмыстары жүргізілсін.

**4. Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі жағдайы.**

Оқу-әдістемелік комитет төрайымы Д.М.Сапиева: 2024-2025 оку жылында жүргізілетін пәндердің оқу бағдарламалары мен силлабустары, әдістемелік кешендерін, БӨЖ, ОБӨЖ, дайындаудың әдістемелік нұсқауларды ҚР МЖМБС-2006 медициналық және фармацевттік жогары оқу орындарының және университеттердегі медицина факультеттерінің кафедраларында оқу-әдістемелік құжаттарды дайындау бойынша №6 нұсқау хат талаптарына сәйкес дайындалу керектігіне тоқталды.

**ШЕШІМ 4:** 2024-2025 оку жылында жүргізілетін пәндердің оқу бағдарламалары мен силлабустары, әдістемелік кешендері қамтамасыз етілілсін.

**5.1. «Фундаментальды медициналық ғылымдар кафедрасының ага оқытушысы, техн.ғ.к., Г.Қ.Айболованың «Қазақстандағы жогары білім беру: проблемалар және даму перспективалары» тақырыбындағы баяндамасын тыңдау және талқылау.**

**Стоматология факультетінің деканы К.Камбуроғлу:** Семинардың мақсаты – экономиканың тұрақты өсуі үшін сапалы білімнің коллежтімділігін қамтамасыз ету арқылы білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, адами капиталды дамытуға бағытталған Қазақстан Республикасындағы жогары білімнің өзекті мәселелерін анықтау екендігі жайлы өз пікірін білдірді.

**«Хирургиялық және балалар жасындағы стоматология» кафедрасының менгерушісі, PhD Н.С.Нұрдинов:** Жоғары білім беруді дамыту проблемасының өзектілігі

Қазақстан Республикасындағы жогары оқу орындарының түлектерін даярлау сапасының әлемдік талаптарына сәйкестендіру қажеттілігін талап етегін қазіргі заманғы әлемдік үрдістерге байланысты. Енді мемлекет есебінен ұлттық университеттердің студенттері семестр бойы үздік суропальық жогары оқу орындарында, Қазақстанның басқа өнірлік жогары оқу орындарының студенттері – елдің ұлттық университеттерінде оқи алады. Бұл ретте кредиттік технология мұндай оқытуды басқа жогары оқу орындарындаесептеуге мүмкіндік береді. Алайда, қол жеткізілген нәтижелерге қарамастан, бұл бағытта бірқатар проблемалар бар. Мәселен, студенттердің ағылшын тіліндегі оқу бағдарламасымен қамтылуы төмен болып қала береді. Бұл, ең алдымен, профессорлық- оқытушылық құрамының да, студенттердің де тілдік дайындығының төмен деңгеймен байланысты. Сондай-ақ, оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі проблемасы бар. Кітапханаларды ағылшын тіліндегі ғылыми және мерзімді әдебиеттермен толықтыру қажет екендігіне де тоқталып өтті.

**«Терапиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасының менгерушісі:** Жоғары білім беру сапасын арттыру халықтың жұмыспен ұамту және білікті кадрлардың жетіспеушілігі проблемаларын шешу, Әлемдік озық тәжірибе интеграцияланған ғылыми-білім беру құрылымдары еңбек нарығында сұраныска ие сапалы жаңа мамандарды даярлауды қамтамасыз ету, ғылым мен білім елдің деңгейі мен болашағын айқындастын ұлттық қазына ретінде қарастырылуы керек және осы бағыттагы мемлекеттік колдау стратегиялық міндет, жоғары білім беруді дамыту және тиасиай алғанда ел экономикасына қолайлы әсер ету мақсатында Қазақстанға шетелдік студенттердің, оқытушылар мен зерттеушілердің келуін одан әрі ынталандыру қажеттілігі, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттердің ұтқырлығын қамтамасыз ету ғылыми-зерттеу

**Ф-ОБ-001/065**

саласындағы гылыми әзірлемелермен алмасуға және ынтымақтастыққа ықпал ететіндігі жайлы жақсы ақпараттармен толықтырды.

**ШЕШІМ 5.1.** «Фундаментальды медициналық гылымдар кафедрасының ага оқытушысы, техн.ғ.к., Г.Қ.Айболованың «Қазақстандағы жогары білім беру: проблемалар және даму перспективалары» атты баяндамасы ете жақсы деп танылсын.

Оқу-әдістемелік комитет төраймы



Д.Сапиева